

«Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ
Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы
«Ойыл ауданының білім бөлімі» ММ
«Балдырған» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Бекітемін:
«Балдырған» бөбекжай-
Бақшасы менгерушісі
_____ А.Бисебаева



Келісемін:

Ақтөбе облыстық әдістемелік
орталығының директоры
_____ Д. Жаманбаева



«Жасыл балабақша» пилоттық жоба БАҒДАРЛАМАСЫ



2025-2026 оқу жылы

Handwritten signature in blue ink.

**«Жасыл балабақша»
Пилоттық жобасының ақпараттық құрылымы**

Пилоттық жобаның атауы: «Жасыл балабақша» экологиялық мәдениетті қалыптастыру жобасы	
Өткізу орны:	Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, «Балдырған» бөбекжай –бақшасы МКҚК
Жобаны құрастырушы	А.К Бисебаева - «Балдырған» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі
Жобаның мақсаты	Мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық мәдениетті қалыптастыру арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін, жауапкершілік сезімін арттыру және экологиялық тұрақты мінез-құлықты дамыту.
Міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> - Балалардың экологиялық санасын қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік және білім беру жұмыстарын ұйымдастыру; - Бақша ауласын көгалдандыру және экологиялық алаңдар (гүлзарлар, шағын бақтар, жасыл бұрыштар) ұйымдастыру; - Тәрбиеші мен ата-ана арасындағы серіктестікті нығайтып, экосағаттар, семинарлар арқылы экологиялық сауаттылықты арттыру; - Табиғи материалдармен шығармашылық жұмыстар жасау арқылы балалардың логикалық ойлауын дамыту.
Күтілетін нәтиже	<ul style="list-style-type: none"> - Табиғатқа жанашырлықпен қарау дағдысы қалыптасады; - Қоршаған ортаны қорғау ережелерін меңгеріп, орындайды; - Өсімдіктерді күту, қоқысты сұрыптау сияқты практикалық дағдылар дамиды; - Экологиялық сауаттылық деңгейі артады.
Іске асыру мерзімі	<p>I кезең - Дайындық: Аймақтық жоспарлау (қыркүйек-желтоқсан 2025ж.)</p> <p>II кезең - Ұйымдастыру: Жобаны жүзеге асыру (қаңтар 2026ж - сәуір 2027ж.)</p> <p>III кезең - Қорытынды: Жобаны талдау және жинақтау (мамыр 2027ж)</p>

Түсінік хат

Экологиялық білім мен тәрбие — қазіргі таңда бүкіл әлемде маңыздылығын арттырған басты бағыттардың бірі. Табиғи ресурстардың сарқылуы, климаттың өзгеруі, қоршаған ортаның ластануы сияқты жаһандық мәселелер балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілік сезімін ерте қалыптастырудың қажеттілігін көрсетіп отыр.

Осыған орай, «Жасыл балабақша» жобасы балалардың экологиялық сауаттылығын, табиғатты аялауға деген ұстанымын қалыптастыруды көздейді. Жоба аясында балалар бақша аумағында ағаш отырғызып, өсімдіктерге күтім жасап, қалдықтарды сұрыптауды, суды үнемдеуді, таза ортаны сақтауды үйренеді. Бұл — олардың табиғатпен байланысын нығайтып, саналы экологиялық мәдениетін қалыптастырудың алғышарты болады.

Бағдарлама балабақша педагогтеріне балалармен табиғат туралы әңгімелесу, экологиялық мәселелерді түсіндіру, экологиялық дағдыларды қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді. Педагогтер оқу қызметінде табиғи материалдарды пайдалану, бақылау күнделіктерін жүргізу, тәжірибе және тәжірибелік жұмыстар арқылы балалардың танымдық белсенділігін арттыра алады. Сонымен қатар, бағдарлама балалардың логикалық ойлауын, бақылау, зерттеу, салыстыру қабілеттерін дамытуға, экологиялық сауаттылық пен жауапкершілікке тәрбиелеуге айтарлықтай ықпал етеді.

Бағдарлама өзектілігі: Қазіргі жаһандану дәуірінде экологиялық мәселелер адамзат болашағына тікелей әсер етуде. Мектепке дейінгі жастағы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін, оны қорғау дағдыларын ерте қалыптастыру — өсіп келе жатқан ұрпақтың санасында экологиялық мәдениет негіздерін орнықтыруға мүмкіндік береді.

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық мәдениетті қалыптастыру арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін, жауапкершілік сезімін арттыру және экологиялық тұрақты мінез-құлықты дамыту.

Міндеттері:


- Балалардың экологиялық санасын қалыптастыруға бағытталған тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Балабақша ауласын көгалдандыру және экологиялық алаңдар (гүлзарлар, шағын бақтар, жасыл бұрыштар) ұйымдастыру;
- Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында экологиялық сауаттылықты арттыру мақсатында серіктестік іс-шаралар өткізу;
- Табиғатқа бақылау, тәжірибе жүргізу, зерттеу жұмыстары арқылы балалардың логикалық ойлауын және қоршаған ортаны тану қабілетін дамыту.

Жүзеге асыру мерзімі: 2025-2027 жылдар (2 жыл)

Күтілетін нәтиже:

- Балалардың экологиялық мәдениеті мен табиғатқа жанашырлық қатынасы қалыптасады;
- Экобілім беру үдерісі жүйелі жолға қойылады;
- Балабақшада экологиялық орта құрылады (экобұрыш, жасыл аймақ, қалдық сұрыптау жәшіктері т.б.);
- Ата-аналар мен тәрбиешілер арасында экологиялық сауаттылық артады;
- Балалардың танымдық, бақылау, зерттеу қабілеттері дамиды;
- Балабақша экологиялық тәрбие берудегі үлгілі ұйымдардың қатарына енеді.

«Жасыл балабақша» пилоттық жобасын іске асырудың моделі



«Жасыл балабақша» пилоттық жобасының орындалу кезеңдері

I КЕЗЕҢ: Дайындық кезеңі
Аймақтық жоспарлау
(қыркүйек-желтоқсан 2025 ж)

№	Іс- шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Жоба бойынша педагогикалық ұжыммен таныстыру. Педагогтерге жобаның мақсатын, мазмұнын түсіндіру.	Қыркүйек	Меңгеруші Әдіскер
2.	Ата – аналар жиналысында жобаны таныстыру. Ата – аналардың қолдауын қамтамасыз ету.	Қыркүйек	Топ тәрбиешілері
3.	Балабақшада экобұрыш ұйымдастыру. Балаларға табиғатты тануға қызығушылық қалыптастыру.	Қазан	Топ тәрбиешілері
4.	Топтарда экологиялық тақырыпта көрнекіліктер мен ақпараттық стендтер әзірлеу	Қазан	Топ тәрбиешілері
5.	Педагогтерге арналған семинар: «Экологиялық тәрбие – заманауи талап»	Қараша	Әдіскер
6.	Ата – аналарға сауалнама: «Экологиялық тәрбиенің маңызы туралы көзқарас»	Қараша	Топ тәрбиешілері
7.	Көрме: «Үйдегі қайта өңделген бұйымдар» қоқыссыз өмір идеясы	Желтоқсан	Әдіскер

**II КЕЗЕҢ: Ұйымдастыру
Жобаны жүзеге асыру
(қаңтар – сәуір 2026ж - 2027ж)**

№	Іс- шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1.	«Табиғат жанашырлары» экосағаттар	Қаңтар Ақпан	Топ тәрбиешілері
2.	Шығармашылық шеберхана: экологиялық материалдардан дидактикалық ойындар жасау	Қаңтар	Меңгеруші Әдіскер Топ тәрбиешілері
3.	Экобұйым көрмесі	Ақпан	Әдіскер
4.	«Қызығушылық зертханасы» клубын ашу. Табиғат бұрышын жасақтау, гүл отырғызу, тәжірибелер жасау	Наурыз Сәуір	Топ тәрбиешілері
5.	«Жасыл көшбасшылар» ата – аналармен бірге эко-сенбілікте балабақша ауласына ағаш отырғызу	Сәуір	Меңгеруші Әдіскер Топ тәрбиешілері
6.	Экотренинг: «Табиғатпен үндесу – бала тәрбиесіндегі маңызды бағыт» ата – анамен жұмыс	Мамыр	Меңгеруші Әдіскер Психолог
7.	«Жасыл әлемді бірге жасаймыз!» балабақша ауласына гүл отырғызу және безендіру жұмыстары «Қызығушылық зертханасы» клубының жұмысы	Маусым	Топ тәрбиешілері
8.	«Таза аула – жарқын болашақ» ата – аналармен бірге эко-сенбілік ұйымдастыру	Шілде	Меңгеруші Әдіскер Топ тәрбиешілері
9.	«Менің еккен гүлдерім» балалар жобасы бойынша байқау	Тамыз	Меңгеруші Әдіскер
10.	Табиғатты бақылау күнделігі: күн сайын ауа райын, құстарды, жапырақтарды т.б бақылау	Қыркүйек	Топ тәрбиешілері
11.	«Қайта өңде – қайта өмір сыйла!» балалармен шығармашылық жұмыстар	Қазан	«Аққайың» тобы Г.Д Абдрахманова Г.Е Жолбаева
12.	Ашық есік күні: ата – аналарға балалармен бірге табиғи материалдардан бұйымдар жасау	Қараша	Топ тәрбиешілері
13.	«Табиғат Ана ренжігенде...» ата – аналармен бірге экологиялық ертегі құрастыру	Желтоқсан	«Еркетай» тобы С.Б Баймұханова М.А Ажибаева
14.	«Бір тамшы судың саяхаты» балалармен зертханалық жұмыс	Қаңтар	«Балапан» тобы Д.Д Қазыбаева А.Г Байманова
15.	«Жасыл сән: Табиғатпен үндестік» эко – киім үлгілері байқауы	Ақпан	Меңгеруші Әдіскер
16.	«Өз бақшана гүл сыйла» акциясы	Наурыз	Топ тәрбиешілері
17.	«Жыл сайынғы жасыл күн» балалар өз ағаштарының жанында суретке түсіп, жетістіктерін көрсетеді	Сәуір	Топ тәрбиешілері

III КЕЗЕҢ-Қорытынды. Жобаны талдау және жинақтау

(сәуір – мамыр 2027 ж)

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Экофорум: «Жасыл жетістік» жобаны қорытындылау. Педагогтердің, ата – аналардың, балалардың жобадағы жұмыс нәтижелерін таныстыру.	сәуір	Меңгеруші Әдіскер
2	– Әдістемелік құрал, жинақ шығару – Жобаны бағалау, талдау, есеп беру – Қатысушыларды марапаттау	мамыр	Меңгеруші Әдіскер

«Жасыл балабақша» пилоттық жобасын іске асыруда педагогтермен жүргізілетін іс –шаралар жоспары

№	Іс – шаралар тақырыбы	Өткізу форматы	Мерзімі	Жауаптылар
1.	«Жасыл жүрек» алғыс айту күні	Балалардың табиғатқа, жерге, суға арналған шағын өлеңдері, флешмоб, әндер	Наурыз 2026ж	Меңгеруші Әдіскер Тәрбиешілер
2.	«Эко-шабыт» шығармашылық жұмыстар көрмесі	Балалардың табиғи материалдардан жасаған бұйымдары	Шілде 2026ж	Меңгеруші Әдіскер
3.	«Эко – отбасы 2026» байқауы	Отбасы күніне арналған байқау	Қыркүйек 2026ж	Меңгеруші Әдіскер
4.	«Үздік экошабыттандырушы педагог» байқауы	Жобаға белсенді қатысқан педагогтарды марапаттау	Ақпан 2027ж	Меңгеруші Әдіскер
5.	«Жасыл балабақша» жобасының қорытынды фестивалі	Жоба қорытындысы бойынша балаларға арнайы номинациялар табыстау. 1. "Табиғат досы" – экология тақырыбындағы іс-шараларға белсенді қатысқаны үшін 2. "Шығармашыл шебер" – табиғи материалдармен жасаған ерекше қолөнері үшін 3. "Жас бағбан" – гүл, ағаш егіп, баптауға белсенді қатысқаны үшін 4. "Эко-білімпаз" – табиғат туралы білімділігімен көзге түскен балаға 5. "Жасыл жүрек" – табиғатты сүю мен қорғауға деген ықыласы үшін 6. "Тазалық сақшысы" – аула тазалығына үлес қосқан белсенді бүлдіршін 7. "Көңілді климат елшісі" – экошараларға	Мамыр 2027ж	Меңгеруші Әдіскер

	<p>көтеріңкі көңіл-күймен қатысқаны үшін</p> <p>8. "Жасыл өнерпаз" – экология тақырыбында ән айтып, тақпақ оқығаны үшін</p> <p>9. "Экожұлдыз" – жобадағы ерекше белсенділік пен ынта үшін</p> <p>10. "Экоертегіші" – табиғатты қорғау туралы шығарма, ертегі, өлең жазғаны үшін</p> <p>11. "Эко-сәнгер" – эскизім көрмесіне жасаған ерекше киімі үшін</p> <p>12. "Болашақ эколог" – зерттеу, бақылау жұмыстарында белсенділігі үшін</p>		
--	---	--	--

Пайдаланған әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. «Экологиялық тәрбие» — Ә.Жұмаділдаева, Ж.Нысанбаева;
2. «Мектепке дейінгі жастағы балаларға экологиялық тәрбие беру» – О.Ерешева;
3. «Балабақшада экологиялық тәрбие беру әдістері» – Б.Қ. Құрманалиева;
4. «Жасыл технология элементтері» – ҚР БҒМ ұсынған әдістемелік құралдар жинағы.

Қосымша әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты».
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» .
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы».